

2022 жылдың 1 қыркүйек күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «Білімнің бастауы балабақша!»
білім күніне арналған ертеңгілікке

АНЫҚТАМА

Мақсаты: 1 қыркүйек – Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіну. Балаларға білім күні жақсы көңіл күй сыйлап, білімге деген қызығушылықтарын оятып, ертеңгілік барысында сахна мәдениетіне баулу. Көңілді ортаға қалыптастыру.

Музыка залында санитариялық - гигиеналық талаптар сақталған. Педагогикалық талаптар бойынша барлық қолайлы жағдай жасалынған, би нөмірлеріне, ойын іс-әрекеттеріне қажетті материалдар дайындалған. «Қарлығаш» ортаңғы тобында ертеңгілікке қатысқан бала саны - 25.

Ертеңгілікті тәрбиеші Ганиева Батагоза ертеңгілікті жүргізу барысын түрлі әдіс - тәсілдерді пайдалана білді. Ертеңгілік сценариінің құрылымын жақсы ойластырып ұйымдастырылған. «Балдәурен» әдемі әуенімен қолдарына түрлі – түсті шарлар ұстап топ бүлдіршіндері ортаға шықты. Топ тәрбиеленушілеріне қызықты болды. «Сүйкімді баламыз!» әнін хормен жақсы орындады. Тақпақтарын балалар жақсы жаттаған. Ортаға көңілді музыкамен Күлдіргіш келіп балалармен бірге мерекені көңілді өткізді. «Күлдіргіш» биін биледі. Айша мен Арманның орындауында «Жас дәуірдің түлегіміз» әнін орындады. Ортада «Ерке балалар биі» ұлдар билеп шықты. Ортаға кіші топ бүлдіршіндері Шұғыла мен Исламханға алғашқы қоңырауды соққызды. Ертеңгілік «Күмбірле қоңырау» әнімен аяқталды. Мерекелік ертеңгіліктің ұзақтығы: 30 минут.

Кемшіліктер: Бірнеше бала жаттаған тақпақтарын айтпады. Қолдарын қалтаға салып тұрды. Кейбір балалар тақпақты анық айталмады.

Ұсыныс: Тәрбиешілер жаңадан келген балалармен көптеп жұмыс жүргізу керек.

Әдіскер:



Жылысбаева Р.М

2022 жылдың 1 қыркүйек күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Балапан» кіші тобында өтілген «Білімнің бастауы балабақша!» білім
күніне арналған ертеңгілікке
АНЫҚТАМА

Мақсаты: 1 Қыркүйек – Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру.
Музыка залында санитариялық - гигиеналық талаптар сақталған.
Педагогикалық талаптар бойынша барлық қолайлы жағдай жасалынған, би
нөмірлеріне, ойын іс-әрекеттеріне қажетті материалдар дайындалған.

«Балапан» кіші тобында ертеңгілікке қатысқан бала саны -22

Ертеңгілікті тәрбиеші Бидаулетова Пернегүл жүргізді. Тәрбиеші балаларды
мерекелерімен құттықтап, ертеңгілікті жүргізді. «Тәрбиеші гимні» әнін хормен
айтты. Балалар тақпақтарын айтып, «Балдәурен» әнін орындады.

Мерекелік ертеңгіліктің ұзақтығы: 20 минут.

Кемшіліктері: Тақпақтарын толық және анық жаттамаған.

Ұсыныс:

1. Балаларға тақпақтарын толық, анық жаттату.
2. Тәрбиешілер балалармен көбірек жұмыс жасау қажет

Әдіскер:



Жылысбаева Р.М

**2022 жылдың 9 қыркүйек күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобын мен «Балапан» кіші тобында өтілген
«Толағай» ата – аналар арасындағы отбасылық сайысқа
АНЫҚТАМА**

Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттай отырып эстафета спорттық ойындарды дамыту және спортшылар арасында достық қарым – қатынасты нығайту.

Ата – аналар арасындағы спорттық сайыс таза ауада өтілді.

Жалпы ата – аналардан 6 жұп қатысты.

Сайысты «Балапан» кіші тобының тәрбиешісі Н. Мусаева мен «Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі А. Сейткасымова жүргізді. Жүргізушілер спорттық сайыстың әділдігі мен төрелігін айтатын әділ – қазылармен таныстырды. Олар:

Асанбаева Ж – балабақша медбикесі

Жылысбаева Р – балабақша әдіскері

Бидаулетова П - шығ. топ тәлімгері

Сайыстың бөлімдерімен таныстырды.

1. Кім допты көп тастайды (себетке доп тастау)

2. Ракеткамен шарды алып жүру сайысы

3. Допты алып жүру

4. Обручпен жүгіру

5. Поровоз


6. Қапшықпен секіру

Жүргізушілер сайысқа қатысушыларды ойын шарттарымен таныстырып, ойын ережесін түсіндірді. Сайысқа екі топтан үш жұптан қатысты. Ойын тартысты әрі қызықты өтті. Әділ – қазылардың шешімімен «Балапан» кіші тобының ата – аналары жеңіске жетті. Жеңімпаз ата – аналарға мақтау қағазы берілді.

Спорттық сайыстың ұзақтығы: 35 минут.

Кемшіліктері: 1 ата – ананың спортқа арналған аяқ киімі болмады.

Ұсыныс: Алдағы уақытта ата – аналар спорттық сайысқа біртүсті футболка кие.

Әдіскер: 

Жылысбаева Р.М

**2022 жылдың 16 қыркүйек күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Балапан» кіші тобында өтілген «Денсаулығым керемет, жаттығуға
рахмет!» балаларды таза ауада жаттығулар жасатуға
АНЫҚТАМА**

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Берілген жан – жақты дамытатын жаттығуларды, негізгі қимылды сапалы орындай білуге, жаттығуларды дұрыс орындай дағдысын қалыптастыру, жаттығу кезінде денені түзу, тік ұстай білуге дағдыландыру.

«Ботақан» кіші тобында жаттығуға қатысқан бала саны - 23

Тәрбиеші Н. Мусаева балаларды таза ауаға шығарып жаттығу жасатты. Балаларды көңілді әуенмен далаға шығарды. Жүргізуші алдымен жыл мезгілін естеріне түсіріп, күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып, балаларға сұрақтар қойып, жауабын алды. Балаларға осындай таза ауада жаттығу жасау денсаулыққа өте пайдалы екенін түсіндірді. Балаларға шаттық шеңберін жасатты. Қолдарына таяқшалар беріп жаттығуды бастады.

1. Таяқшаны бұр
2. Жоғары көтер
3. Отырып тұру
4. Таяқшаны ауыстыр
5. Алға еңкею
6. Жүреміз
7. Секіреміз
8. Демалу жаттығулары

Тәрбиеші балаларға «Біздің денсаулығымызға не керек?» дидактикалық ойын ойнатты. Ойын соңында балалардың табандарына нүктелі массаж жасатты.

Мерекелік ертеңгіліктің ұзақтығы: 20 минут.

Кемшіліктері: Барлық балаларды игере алмады. Балалар жаттығуды толық жасаған жоқ.

Ұсыныс: Балаларға ойын түрінде жүргізу керек еді.

Әдіскер: 

Жылысбаева Р.М

**2022 жылдың 16 қыркүйек күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «Денсаулығым керемет, жаттығуға
рахмет!» балаларды таза ауада жаттығулар жасатуға
АНЫҚТАМА**

Мақсаты: Балаларға таңертеңгі жаттағуларды жасату арқылы, балалардың белсенділігін арттыру, қимыл – қозғалысын жетілдіру, балаларды жылдамдыққы, шапшаңдыққа үйрету.

«Қарлығаш» ортаңғы тобында жаттығуға қатысқан бала саны - 23

Тәрбиеші Б. Ганиева таза ауада балаларға көтеріңкі көңіл – күй сыйлап сұрақтар қойды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап берді. Балаларды жаттығу тәсілдерімен таныстырды.

1. Ойын: «Маған қарай жүгіріндер» бір бағытта топ болып жүру.
2. Бытырап жеңіл – желпі жүгіру, торғай болып ұшамыз.
3. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер болып тұру.
4. Бастапқы қалып, қолды артқа жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру.

Негізгі бөлім:

Балаларға тәрбиеші нұсқаулық бере отырып жаттығулар жасатты.

Жаттығулар көптеген бөлімдерден тұрады. Балалар тапсырманы жақсы орындады.

Таза ауадағы жаттығу ұзақтығы: 25 минут.

Кемшілік жақтары байқалған жоқ.

Ұсыныс: Тәрбиешілер балалармен үнемі жұмысты жалғастыру.

Әдіскер:



Жылысбаева Р.М

2022 жылдың 21 қыркүйек күні «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы
«Қарлығаш» ортаңғы тобында өтілген «Ана тілім - ардағым!» тіл
мерекесіне арналған ертеңгілікке
АНЫҚТАМА

Мақсаты: Баллардың өз балабақшасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

«Қарлығаш» ортаңғы тобында ертеңгілікке қатысқан бала саны - 24

Тәрбиеші А. Сейткасымова тіл мерекесіне арналған ертеңгілікті жүргізді. Ертеңгілік барысында тәрбиеші балаларға сұрақтар қойды. Балалар сұраққа жауап берді. Көңілді әуенмен ортаға өзге ұлт өкілдері кірді. Балалармен амандасып, мерекелерімен құттықтады. Олар өздерін таныстырып өздерінің салтарымен бөлісті. Жүргізуші басқа ұлт өкілдеріне Қазақстанның рәміздерімен, тілімен таныстырды. Хормен «Әнұран» орындалды. Балалар қонақтарға тақпақ айтып берді. Балалар қонақтармен бірге «Қыз қуу» ұлттық ойынын ойнады. Ертеңгілік балаларға жақсы көңіл – күй сыйлады.

Мерекелік ертеңгіліктің ұзақтығы: 25 минут.

Кемшіліктері: 1. Балалар сұраққа жеке жауап беріп қалыптаспаған.
2. Балалардың отыруы, сахнаға шығуын дұрыс ұйымдастырылмаған.

Ұсыныс: Балаларды сахнада өзін-өзі ұстау мәдениетін үйрету.
Тәрбиешілер балалармен үнемі жұмысты жалғастыру.

Әдіскер: 

Жылысбаева Р.М